



## НА АНПЗ ПОБЫВАЛО РУКОВОДСТВО КОРПОРАЦИИ SINOPEC

Атырауский НПЗ посетила китайская делегация во главе с председателем совета директоров нефтехимической корпорации Sinopec Ван Юй Пу. Высокоставленный гость в сопровождении казахстанских и китайских специалистов побывал на установках ССР и РХ комплекса по производству ароматических углеводородов и на площадке, где

возводится комплекс глубокой переработки нефти. Нужно отметить, что это первая поездка Ван Юй Пу на Атырауский НПЗ. Крупнейшая нефтяная и химическая корпорация Sinopec успешно развивается и в 2014 году заняла третье место в мировом рейтинге Fortune Global 500.

Первый заместитель генерального дирек-

тора ТОО «АНПЗ» по развитию и модернизации Рустем Бисалиев рассказал о проводимой работе, сообщив, что уже на днях на установке РХ будет получена первая партия параксилола. Глава корпорации «Синопек» выразил удовлетворенность и слова благодарности в адрес руководства завода за поддержку, оказываемую в ходе реализации проекта КПА.



**ҚазМұнайГаз**  
АТЫРАУ МҮНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫ

**УАҚЫТПЕН ҮЗЕҢГІЛЕС!**  
**ВМЕСТЕ СО ВРЕМЕНЕМ!**



\* **Производство**

# ПРОВЕДЕН КАПИТАЛЬНЫЙ РЕМОНТ НА УПНК



**Максим Успанов,**  
начальник УПНК цех №5

Подрядной организацией ТОО «Теплоинжестрой» частично проведен демонтаж и монтаж футеровки печи прокаливания С-3421 и футеровки печи дожига и газозахода. ТОО «Таян» провело ревизию и ремонт системы КИП и А и вспомогательного оборудования.


Монтажным управлением №7 проведены ревизия и ремонт электрооборудования с обеспечением работы основного и вспомогательного оборудования, монтаж новых токосъемников печи прокаливания. Подрядной организацией ТОО «Роминсерв-Казахстан» по проекту КБТУ изготовлен и смонтирован разгрузочный желоб с аварийным клапаном, проведен ремонт холодильника прокаленного кокса (Е-3431), систем транспорта, хранения сырого и прокаленного кокса с частичной заменой вспомогательного оборудования.

Подрядной организацией ТОО «Техноконтроль» проведен ремонт дефектных участков корпуса печи прокаливания, заменены дефектные участки трубопроводов согласно актам отбраковки. Подрядной организацией ТОО «ИПК» произведена замена теплоизоляции трубопроводов и системы пылегазоочистки.

На сегодняшний день УПНК готова к работе. Проектная мощность установки – 178 тыс. тонн в год по сырому коксу (23 тонн/час).

Технологический процесс прокаливания нефтяного кокса предназначен для получения прокаленного кокса путем удаления из сырого нефтяного кокса летучих компонентов и влаги.

*Руководством цеха №5 и персоналом установки прокаливания нефтяного кокса (УПНК) совместно с подрядными организациями произведен капитальный ремонт установки. В частности, персоналом УПНК произведена склейка конвейерных лент, замена запорной арматуры, набивка сальников, чистка аппаратов.*



**Монтаж футеровки внутри печи прокаливания С-3421**

Ресурсы установленного оборудования позволяют принять и переработать увеличенные объемы сырого кокса. Технология прокаливания кокса, внедренная после реконструкции, позволяет достичь необходимого качества выпускаемой продукции. Одной из основных технологических операций является процесс прокаливания углеродистого сырья при высокой температуре, уменьшение выброса в атмосферу вредных веществ. Качественные характеристики прокаленного материала ока-

зывают определяющее влияние на качество готовой продукции. Учитывая высокую стоимость, дефицит и качество углеродистого сырья, очень важно дальнейшее изучение процесса прокаливания с целью определения оптимальных условий его проведения с максимальным технико-экономическим эффектом. Для этого необходимо совершенствование конструктивных параметров основных технологических агрегатов, определение структуры взаимосвязи параметров процесса и вы-

бора критерия оптимальности, определение области оптимального протекания процесса, разработка алгоритма управления, обеспечивающего выполнение критерия оптимальности в реальных условиях. Поэтому исследование и оптимизация процесса прокаливания углеродистого сырья является современной и актуальной научно-технической задачей. Основной целью работы является исследование процесса прокаливания и создание научно-обоснованных методик расчета процесса прокаливания, оптимизация конструктивных параметров процесса прокаливания кокса для выбора оптимальной технологии переработки кокса с наилучшими технико-экономическими показателями.



**Сварка анкеров внутри печи**



**Футеровочные работы внутри печи**



**Персонал ТОО «Теплоинжестрой»**



# АЛЫПТЫҢ АРШЫНДЫ АДЫМЫ

Қазақстан мұнай өңдеу саласының тұңғышы 70 жылдық мерейтойын атап өтуде

Бұл – күллі Қазақстан үшін тарихи маңызға ие атаулы дата. Атырау мұнай өңдеу зауыты іске қосылған күннен бастап қазақстандық мұнай өңдеу саласының тарихы өз бастауын алды. Атырау мұнай өңдеу зауыты – тек өнеркәсіптік нысан ғана емес, мыңдаған адамдардың тағдыр тоғысы. Зауыттың қалыптасуы мен дамуының жылнамасы Атырау өңірінің тарихымен ұштасып жатыр.

## Еңбек жылнамасының басталуы

1943 жыл. Ұлы Отан соғысының қызған шағы. Біздің әскерлердің Кавказ және басқа да майдан далаларындағы сәтті шабуылдары Кеңес Үкіметіне елдің экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған бейбіт бағдарламаны жүзеге асыруға жағдай туғызды. Бұл бағдарламаға Гурьев аумағындағы мұнай өңдеу зауытының құрылысы да енді. 1943 жылдың 14 сәуірінде «аса құпия» деген белгімен КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің №3181-інші елдің шығыс аудандарында мұнай өңдеу зауыттарын салу туралы қаулысы шықты.

Техникалық жобаны американдық «Баджер и сыновья» фирмасы жасады. Оны жергілікті жағдайларға ыңғайлау жұмыстары инженер Гореченковтың жетекшілігімен «Эмбанефтыпроект» жобалаушылары тарапынан жүргізілді.

Кеңес Үкіметінің шешімімен зауыт құрылысы КСРО ПҰҚ аэродром құрылысы Бас басқармасының 3 құрылыс басқармасына жүктелді. 1943 жылдың 18 мамырында алғашқы транспорттық техника эшелонымен бірге инженер-құрылысшы Иван Михайлович Романовский Гурьевке алғаш рет табан тіреді. Зауыт құрылысына он мыңнан

астам адам қатысты.

Мұнай өңдеу зауытының құрылысы бұрын тек шикізат базасы ретінде қолданылып келген еліміздің дамуына жаңа бетбұрыс әкелді. Қазақстанның алдында жаңа мүмкіндіктер ашыла бастады. Жетпіс жылдық тарихы бар қара шаңырақтың кешегісін сөз еткенде зауыт орнын белгілеу, техникалық құжаттарды жасақтау ісіне тікелей атсалысқан белгілі мұнайшы Сафи Өтебаевтың есімін атап өту ләзім.

Мұнай өңдеу саласы тұңғышының қалыптасуы жолында көрнекті өндіріс ұйымдастырушылары тұрды, олар: КСРО мұнай өнеркәсібі халықтық комиссары Н. К. Байбаков, КСРО мұнай өнеркәсібі халықтық комиссарының орынбасары Б. М. Рыбак, Бас мұнай өңдеу жетекшісі Г. И. Болдырев, КСРО мұнай өнеркәсібі халық комиссариаты №1 мемлекеттік тресі басшысының орынбасары А. П. Музыченко, зауыттың алғашқы директоры Г. И. Гореченков. Жергілікті партия және кеңес органдарынан зауыт құрылысына байланысты жұмыстарға облыстық партия комитетінің хатшылары С. И. Круглов, Н. Қамбаров және А. Н. Клоноз, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары А. Г. Севастьянов, қалалық партия комитетінің хатшысы К. З. Ағыбаевтар атсалысты.

1945 жылдың 8 қыркүйегінде №441 зауытта алғашқы өнім – автокөлік бензині алынды. Бұл күн мемлекеттік комиссия шешімімен өнеркәсіптік өнім өндірісінің бастауы ретінде белгіленді. Осыдан бастап Гурьев индустриалды орталық мәртебесіне ие болды. Зауыттың бастапқы жылдық қуаттылығы 800 мың тонна болды. Шикізат ретінде Бақудан тасып әкелінетін дистиллят қолданылды. Зауыт әуел бастан мотор және қазан отындарын шығаратын отындық нұсқада дамыды. Алғашқы боп термиялық крекинг және мұнайды тікелей айдау блоктары бар біріктірілген қондырғы іске қосылды.



Қондырғы цех бастығы П. П. Сауринның басшылығымен сәтті іске қосылды. Оның көмекшілері қатарында №1 цехтың болашақ басшысы И. Ф. Бескровный да болды. Іске қосу жұмыстарына аға операторлар А. Е. Аболдов, Н. М. Бойко, И. Исқазиев, М. Мұхтаров, В. И. Сорокин, М. Улубовов, операторлар М. Ф. Атамонова, В. А. Гаврилова, М. П. Кошкина (Логвиненко), сорғышылар В. Аничкин, О. А. Колосова, Ф. Никифорова және басқалары қатысты.

Бірінші іске қосу кезеңінің нәтижелері зауыттықтарды басқа цехтардың қуаттылығын еселеуге ынталандыра түсті. 1946 жылы Гудри каталитикалық крекинг қондырғысы пайдалануға берілді. Аталған қондырғы технологиялық режимге шығарылғаннан кейін газды фракциялау қондырғысы іске қосылды.

Зауыттықтардың алғашқы буыны санатында жүзден астам КСРО орден, медальдарының иегерлері болды. Елге еңбегі сіңген қызметкерлер де бар. Ұжым И. Ф. Бескровный, С. Ф. Горбунов, А. С. Кузнецов, О. А.

Шерпутовская, З. Жетмеков, Н. Н. Нарышева, А. Риза, М. М. Урусов, А. Г. Денисюк, М. Н. Бердиев, Н. Г. Устиченко, З. М. Котельникова, И. И. Сармин, П. И. Григорьев сынды мұнай өңдеудің жаңа технологиясын игеріп, жетілдіру жолында аянбай тер төккен аға буынның есімдерін ерекше құрметпен еске алады.

## ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Зауыттың жаңа технологиялық қондырғылармен жарақталу жолы қиын да ұзақ болды. Жобалауға берілген тапсырыстар, жобалаудың алуан түрлі нұсқалары, зауыттың даму жоспарын шешуге қатысты тартылған органдар... Мұның бәрі бір кітапқа арқау боларлық деректерді қамтиды. Зауыт іске қосылғаннан кейін ширек ғасыр өткенде кәсіпорынның мұнайды терең өңдеу жөніндегі қуаттылығын арттыруға бағытталған дамудың жаңа кезеңі бастау алды.

1969 жылы қуаттылығы 2 млн. тонна/жыл мұнайды

атмосфералық өңдеу және қара майды вакуумдық айдау қондырғысы пайдалануға берілді. Бұл бұрынғы жылдық қуаттылықты бірден төрт есеге арттыруға және мейлінше жоғары экономикалық өлшемдер шеңберінде өндірілетін өнім түрлерін молайтуға мүмкіндік берді. Қондырғыда автобензин, дизель отыны, уайт-спирит, қарамай және гудрон шығарылады. Бұл қондырғының іске қосылуы маңыздылығы жөнінен зауыттың бастапқы іске қосылуына парапар. Кейіннен өндірістік технологияларды жетілдіруге бағытталған қайта жаңғырту жұмыстары, зауыттықтардың көптеген шығармашылық идеяларын ұтымды іске асырудың нәтижесінде 1975 жылы аталған қондырғының жылдық мұнай өңдеу қуаттылығы үш миллионға дейін артты. 1976 жылы екі қондырғыда мұнай өңдеу ауқымы жоғарғы көрсеткіш – төрт миллион тоғыз жүз алпыс төрт мың тоннаға жетті.

Жаңа қондырғыны игеруге цех басшысы В. А. Сердюк, аға механик П. И. Григорьев, аға инженер Ю. Слабеньниковтер өлшеусіз үлес қосты.

Ал, кейін бутансыздандырылған бензин, сутекті және құрғақ газ алуға арналған ДГ-35-11/300-95 каталитикалық крекинг қондырғысы пайдалануға берілді. Оның бірінші басшысы В. В. Гафнер болды. Қондырғы жұмысының күрделілігі мен технологиялық жарақталуы мамандарды таңдауда айрықша жауапкершіліктер жүктелді. Қондырғыға ең үздік, ең тәжірибелері деген мамандар таңдап алынды. Олардың қатарында каталитикалық крекинг қондырғысында аға оператор болып еңбек еткен Н. Н. Нарышев, біріктірілген қондырғының аға операторы Н. Г. Денисюк пен Н. Е. Набатов, газ бөлу қондырғысының аға операторы А. М. Шишонковалар, сондай-ақ, технологиялық қондырғы машинистері А. Қаражанов пен Ф. Л. Немцевтер де болды.

(Жалғасы 6-7 бетте.)





\* Новая книга

# ВЛАДИМИР ГАФНЕР

Так называется вышедшая недавно в свет книга, рассказывающая о жизни и деятельности заслуженного нефтепереработчика Республики Казахстан. Владимир Викторович Гафнер работал в руководстве Атырауского нефтеперерабатывающего завода 23 года и своим безупречным трудом завоевал искреннее уважение среди работников нефтяной отрасли. Книга «Владимир Гафнер» издана общественным фондом «Мұнайшы» имени Н. Марабаева в биографической серии «Қазақ мұнайының ардақтылары» тиражом 1000 экземпляров. Стоит отметить, что в этой серии книга о Владимире Гафнере – первая книга о нефтепереработчике. Автором является руководитель пресс – службы ТОО «АНПЗ» Елена Есенова, для которой написание этой книги не первый рукописный труд. Как шла работа по сбору архивных материалов и как была выстроена концепция книги? Эти и другие вопросы мы адресовали автору книги.

- Елена Жоламановна, как появилась идея написания книги о Владимире Гафнере? Что чувствовали, когда создавалась рукопись?

- Идею написать книгу о Владимире Владимировиче Гафнере выдвинул генеральный директор нашего завода Кайрат Кулымович Уразбаев. Стоит отметить, что идею установления мемориальной доски В. В. Гафнеру принадлежит тоже нашему директору. За это надо сказать огромное спасибо Кайрату Кулымовичу. И только благодаря ему эта книга вышла в свет.

Биография Владимира Гафнера – это, можно сказать, биография Атырауского НПЗ. Здесь состоялось его становление как личности, высококлассного специалиста, и наконец, первого руководителя. Для сотен, даже тысяч человек он был не просто начальником, а товарищем, соратником и учителем с большой буквы. Говорить о Владимире Викторовиче можно бесконечно. Он прожил яркую жизнь, наполненную взлетами и падениями, преданностью и непониманием. Однозначно то, что прекрасно осознавала меру ответственности, потому что В. В. Гафнера знали очень многие, и у каждого читателя будет свое мнение. Будет замечательно, если найдутся те, кто дополнит материал.

Когда строки ложались на бумагу, не

чувствовала волнения, твердо знала, что напишу. Было чувство боли, что рано ушел из жизни замечательный человек. Было больно от того, что в последние годы на заводе его редко вспоминали, не приглашали на официальные церемонии, торжественные мероприятия. Знаю, что в последние годы все реже и реже звонили из Атырау. Лишь единицы навещали семью Гафнер. На душе становится светло от того, что сегодня на нашем заводе стали еще больше уделять внимание ветеранам. Это вовсе не означает, что раньше не проводилась работа в этом направлении, она велась. Но в этом году работа с ветеранами обрела новый импульс, стала во главе угла проводимой на заводе социальной политики.

- Конечно, написать книгу, тем более, биографическую, это нелегкий труд. Как удалось Вам собрать такой богатый материал?

- Знаете, очень сожалею о том, что имея возможность встретиться и побеседовать с Владимиром Гафнером при жизни, я этим не воспользовалась. И безмерные слова благодарности хочу выразить супруге Владимира Викторовича – Тамаре Петровне, чьи воспоминания очень помогли мне в написании книги. Особенно ценны были ее рассказы о юности и молодости Владимира Викторовича, о его жизни после отъезда из Атырау. Я искренне признательна ветеранам, соратникам Владимира Викторовича. Они щедро делились своими воспоминаниями. Конечно же, не обошлось и без воспоминаний моего отца Жоламана Есенова, которые стали маяком в создании этой книги. Ранее на заводе работал мой брат Ерсайн, который очень хорошо знал многих заводчан и он



поделился со мной воспоминаниями. Много полезной и значимой информации я почерпнула из архивных подшивок нашей заводской газеты «Новатор», и в этой связи, хочется отметить заслугу редактора тех лет Малики Аманжоловны Кулпейсовой. Потом я лично знала Владимира Викторовича. Он меня принимал на работу, мы с ним не раз говорили о заводе, о первых заводчанах. Писать книгу о руководителе одного предприятия, не просто. Был дефицит в информации.

- Как выстроена документальная линия книги, из каких разделов она состоит?

- Первая глава называется




«Завод – это жизнь и судьба», в которой повествуется о начале трудового пути Владимира Гафнера. Как он стал первым руководителем завода, какие преобразования претерпело предприятие за те годы, о научных достижениях, об экономической службе в эпоху перемен, социальных приоритетах. Все эти темы находят продолжение во второй главе «Жить, а не существовать», где находят место рассказы о его единомышленниках и соратниках, с кем Владимир Викторович развивал нефтепереработку. Глава третья – это воспоминания ветеранов завода, тех, кому посчастливилось трудиться вместе с Владимиром Гафнером, рука об руку, решать вместе с ним нелегкие задачи тех лет, преодолевать трудности, разделять успех. И четвертая глава «Наследие», в которой рассказывается о главных этапах модернизации завода. Об этом мечтал Владимир Викторович, он много трудился для достижения этой цели. И вот, все задуманное воплощается в жизнь. Атырауский НПЗ становится предприятием мирового уровня, конкурентоспособным, более того, завод начал освоение новой отрасли в Казахстане - нефтехимии.

Книга рассчитана на широкий круг читателя, и думаю, что она будет интересна не только заводчанам, но и другим, так как биография Владимира Гафнера является достойным образцом жизни настоящего труженика, наставника и человека с большой буквы.

- Насколько нам известно, на днях будут выпущены еще две книги в рамках 70-летия АНПЗ...

- Мало сказать будут выпущены, они уже изданы и сейчас находятся в пути. И, наверное, пока будет верстаться этот номер газеты, эти книги будут на заводе. Первая книга называется «70 лет Атыраускому НПЗ», в которой кратко освещен путь развития нашего предприятия. Вторая – «АНПЗ: история в фотографиях». В ней история завода рассказана в фотографиях.



## МЕРЕЙТОЙ ҚАРСАҢЫНДА ЖАҢА КІТАПТАР ЖАРЫҚ КӨРДІ

«Мұнайшы» қоғамдық қорының «Қазақ мұнайының ардақтылары» тақырыбымен шығатын өмірбаяндар сериясы Владимир Гафнер туралы кітаптен толықты. Туынды зауыт баспасөз қызметінің жетекшісі Елена Есенованың авторлығымен жарық көрді.

Бұл кітапта Қазақстан мұнай өңдеу өнеркәсібінің көрнекті өкілі, «Құрмет» орденінің иегері Владимир Гафнердің өмірі мен кәсіби жолы

баяндалған. Атырау мұнай өңдеу зауытының жетекшілік лауазымында жиырма жылдан астам жемісті еңбек өткен ол кәсіпорынның даму жо-

лында айрықша қолтаңбасын қалдырған жан. Зауыттың 70 жылдығына орай жарық көрген бұл кітаптың «Зауыт – оның өмірі мен тағдыры» деп аталатын бөлімінде Владимир Гафнердің кәсіби тұрғыда қалыптасуы мен шыңдалуы, жетекшілік қыры, Атырау мұнай өңдеу зауытын дамытуға қосқан үлесі жөнінде жан-жақты айтылады. Келесі

бөлімде Владимир Гафнердің зауытқа басшылық еткен жылдарындағы кадр саясаты, оның қоғамдық өмірге қатысы, отбасы мен ұстаздары, өмір жолындағы үзеңгілестері туралы әңгімеленеді. Кітаптың «Естеліктер» бөлімінде Владимир Гафнердің көзін көрген замандастары мен әріптестерінің, зауыт ардагерлерінің естелік әңгімелері, сондай-ақ

А.Мазуренконың «Факел на Шкодовой горе» кітабында жарық көрген Владимир Гафнермен сұхбат жарияланған. Кітапта мұнай өңдеушінің өмірі мен қызмет жолынан сыр шертетін фотосуреттер мен оның марапаттары туралы деректер де бар. Оқырманға көрнекті тұлғаның азаматтық болмысы мен кәсіби қырын дәріптеуді мақсат еткен кітап



Среди них немало уникальных снимков, которые, несомненно, вызовут живой интерес. Тираж каждой книги – 1000 экземпляров. В каждой из этих книг использован фотоархив, накопленный пресс-службой за десять лет. В нашем фотоархиве есть сотни снимков, но к сожалению, мы не знаем, кто на них, и поэтому их не разместили в книге. В ходе подготовки к изданию всех этих книг была проделана большая работа, и все это делалось для того, чтобы последующие поколения знали историю завода и достойно продолжали дело, начатое их старшими товарищами. Предполагаю, что будут недовольные, что нет в этих книгах фотографий их родных и их самих. Заявляю, что в этом нет вины ни пресс-службы и моей в том числе. Два месяца в газете «Новатор» печаталось объявление, чтобы предоставили для книги свои фотографии, и ведь почти никто не шевельнулся. Ко мне обратился лишь один человек, и фотография дорогого для их семьи человека вошла в новую книгу.

- Какие планы на будущее?

- В области документалистики хотелось собрать как можно больше материала о реализации трех этапов реконструкции завода. Здесь важны воспоминания самих участников реконструкции. Главное - не упустить момент, здравствуют наши герои-строители и необходимо начать работу в этом направлении. Планирую в 2017 году издать эту книгу. Также пресс-службой проделана на 50 процентов работа по созданию Энциклопедии атырауских нефтепереработчиков. Считаю, что нельзя это дело бросать на полпути. Надо ее завершить. Выражаю надежду, что завод будет продолжать выпускать новые книги, и не только к юбилейным датам.

Также есть желание попробовать себя в художественной прозе. Но это пока «хочу». Для реализации нужно время и вдохновение. Мысли уже есть.

- Спасибо за интервью. Желаем вам новых успехов в творчестве.

**Индира Сатылганова**

**P.S.** Когда верстался номер, прибыла первая партия книг «70 лет Атыраускому НПЗ» и «АНПЗ: история в фотографиях».

1000 данамен Алматыдағы «Полиграфкомбинат» баспаханасында басылды. Бұл Елена Есенованың қаламынан туған екінші кітап.

Бұдан бөлек, Атырау мұнай өңдеу зауытының 70 жылдығына арналған 1000 даналық мерейтойлық кітап және «АМӨЗ: фотосуреттердегі тарих» атты альбом жарық көрді. Бұл кітаптар санаулы күндерде зауыттықтардың қолына тимек.

## \* Поздравление



Генеральному директору  
 ТОО "Атырауский нефтеперерабатывающий завод"  
 Уразбаеву К. К.

Уважаемый Кайрат Кулымович!

От имени Ассоциации KAZENERGY поздравляю Вас и весь коллектив Атырауского нефтеперерабатывающего завода со знаменательной датой – 70-летием со дня ввода в эксплуатацию предприятия!

В течение этого времени Атырауский нефтеперерабатывающий завод был и остается одним из флагманов отечественной нефтепереработки, кузницей высококвалифицированных кадров. На этом пути, коллектив завода отличала целеустремленность в достижении поставленных целей, подкрепленная богатым опытом и высоким профессионализмом.

Атырауский НПЗ является членом Ассоциации KAZENERGY и активно участвует в ее работе. Деятельность завода – это пример плодотворного труда во имя процветания всей нашей страны. Высокий профессионализм сотрудников позволил стабилизировать работу нефтеперерабатывающей промышленности в трудный период.

На Атырауском НПЗ активно и интенсивно проводится модернизация. Вы на системной основе создаете и внедряете в производство высокотехнологичные технологии, многие успехи АНПЗ напрямую связаны с тем, что компания уделяет огромное внимание развитию научного потенциала работников.

От чистого сердца желаю Атыраускому НПЗ успешной реализации намеченных планов, а всем сотрудникам завода и их семьям — крепкого здоровья, простого человеческого счастья и удачи!

Генеральный директор

А. Магаев

## \* Благодарность

### Спасибо за внимание ветеранам

Выражаю огромную благодарность и искреннюю признательность организаторам проведения юбилейного мероприятия: председателю профкома Кенжебеку Шахметову, председателю общества пенсионеров ТОО «АНПЗ» Людмиле Скоробогатовой, председателю женсовета Светлане Шапабаевой, заведующей медицинским пунктом Марфуте Жанбыровой, медсестре Майре Сейткалиевой.

Я, как врач начала работать в здравпункте завода, и в составе лечебного персонала открывала профилакторий «Людмила». Через 15 лет я зашла в медпункт завода, он стал неузнаваемым. Проведен ремонт, установлено новое оборудование, расставлена физиоаппаратура, количество которой увеличено в несколько раз. В свое время я работала врачом-физиотерапевтом и иглорефлексотерапевтом. У меня лечились многие заводчане, начиная с бывшего генерального директора Владимира Гафнера. За период моей деятельности меня награждали грамотами, ценными подарками. Мое имя занесено в альбом, созданный в честь 50-летия завода, а также меня снимали для юбилейного фильма.

В честь 70-летия завода было проведено торжественное мероприятие, вручены юбилейные медали, в том числе, и нам, медицинским работникам во главе с Людмилой Константиновной Санцаковой. Безусловно, очень приятно, когда оценивается твой труд.

Хочу отметить то внимание, которое было уделено ветеранам завода и его нынешним работникам. После официального торжества все выезжали на природу, где было организовано большое концертное шоу. И мы в том числе. На базе отдыха нам показали небольшой зоопарк: сову, страусов, кони, пони и многое другое.

Отдыхая на берегу Урала, мы получили огромный заряд положительной энергии. Отдых был организован на высшем уровне. Хочу выразить отдельную благодарность генеральному директору завода Кайрату Кулымовичу Уразбаеву. Желаю заводу процветания, достижения всех целей, всем заводчанам – крепкого здоровья, семейного благополучия, достатка и мира на земле!

С уважением ветеран труда  
 Надежда Лукпановна Утегазиева

## Мерейтойлық марапаттау

Ағымдағы аптада бейінді емес активтерді зауыт құрылымынан шығару бағдарламасы аясында аутсорсингке шығарылған цехтар мен бөлімшелер қызметкерлерін «АМӨЗ - 70 жыл» мерейтойлық медальмен марапаттау шаралары бастау алды. Марапат иегерлері кәсіпорын құрамында болмаса да, зауытты өркендетуге қосқан үлестері мен ұзақ жылғы еңбектерін елеусіз қалдырмаған кәсіпорын басшылығына өз ризашылықтарын білдіруде. Ескерткіш медаль аутсорсингтегі ұйымдарда еңбек етіп жатқан 550-ге жуық қызметкерге табысталмақ.





# АЛЫПТЫҢ АРШЫНДЫ АДЫМЫ

Қазақстан мұнай өңдеу саласының тұңғышы 70 жылдық мерейтойын атап өтуде

(Соңы. Басы 3-бетте.)

Мұнай өңдеудің екінші үдерістерін дамыту, соның ішінде шикізатты кокстеу зауыт экономикасында маңызды орын алған бетбұрысты бағыт болды. Электрод өнеркәсібінде шикізат ретінде қолданылатын кокс өндіруге арналған баяу кокстеу қондырғысы 1980 жылдың 7 шілдесінде пайдалануға берілді. Іске қосу жұмыстарына айрықша мән берілді. Сол жылғы сәуір-мамыр айларында нысандағы жұмыстарды жеделдету мақсатында гурьевтік құрылысшыларға Алматы, Жамбыл, Шымкент, Павлодар қалаларынан мамандар көмекке келді. Жаңа цехтың жұмысы бірден жолға қойыла қойған жоқ. Білікті мамандардың тапшылығы байқала бастады. Технологиялық тұрғыда да олқылықтардың бары анықталды. А. П. Свириденко, В. Е. Черенков, А. А. Швайгер, В. Е. Полянин, П. Пастухов, И. И. Бондаренко, В. Г. Грузинцев, О. Н. Исмаилов, Р. Мухамедзянов сынды өзге технологиялық цехтан келген қызметкерлер бұл қиындықтардың бәріне де төзе білді.

Кеңес дәуірінде салынған соңғы нысан – 1989 жылы іске қосылған мұнай коксын қыздырып шынықтыру қондырғысы. Қазақстанда тұңғыш рет шынықтырылған кокс өндірісі игеріле бастады. Қондырғыда шикі коксты қыздырудың нәтижесінде шынықтырылған кокс, ауқымды мөлшерде жылу энергиясы алынады. Аталмыш қондырғыны іске-қосу, баптау және игеру жұмыстарына аға операторлар В. Ю. Кабанкин, А. Шукенов, А. Ротнов, Ж. Жакубадиев, О. О. Гульфаровтардың қосқан үлестері зор. Олардың көпшілігі «Гудри», алкаляция қондырғысынан келгендер. Зауыт іске қосылғаннан бері қолданылып келе жатқан бұл қондырғылар 1988 жылы физикалық тұрғыда тозығы жеткен деп танылған болатын.

Отыз жылдан астам уақыт бойына құрамына баяу кокстеу, мұнай коксын қыздырып шынықтыру қондырғылары кіретін цехқа жоғары білікті маман, Құрмет белгісінің, «Құрмет» орденінің иегері Юрий Константинович Шкодин басшылық етіп келеді.

## НАРЫҚТЫҚ

### ҚАТЫНАСТАРҒА ӨТУ

КСРО-дан «мұра» боп қалған зауыт 1991 жылғы өлшемдер бойынша тұрақты жұмыс жасап тұрған кәсіпорын санатында болды. Бұл тұрақтылыққа қол жеткізу оңай болған жоқ. Зауыт директоры В.В.Гафнер, бас инженер С.А.Мералиев, бас директордың күрделі құрылыс жөніндегі орынбасары В.А.Сердюк, бас бухгалтер Л.П.Донскова, бас заңгер В.В. Лаговскийдің біліктіліктері мен тәжірибелерінің, жұмысты жүйелі ұйымдастыра білулерінің арқасында зауыт нарықтық қатынастарға өтудің бастапқы кезеңінде аса бір ауыртпалық сезіне қойған жоқ. Кәсіпорындарға «қара құлып» салынып, жұмыссыздық белең

алған шақта зауыт тұрақты жұмыс жасап тұрды.

1992 жылы Атырау МӨЗ алғаш рет құрамында ашық түсті фракциялар мен метил-этилмеркаптан мөлшері жоғары жаңа типті мұнай – Теңіз мұнайына сынамалық өңдеу жасады. Теңіз мұнайы құрамындағы ерекшеліктер тек технологиялық қана емес, бірқатар экологиялық мәселелерді шешуді қажет етті. Өңдеудегі Теңіз мұнайының үлесі 12 пайызды құрады. Екінші үдерістердің жеткіліксіздігіне қарамастан мұнай өңдеу тереңдігі 65 пайызға дейін жетті.


Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін отандық өнеркәсіп салалары алдына шетелден әкелінетін аса қымбат өнімдерге балама жаңа өнім түрлерін игеру міндеті қойылды. 1993 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Мұнай химиясы және табиғи тұздар институты мен «Атырау мұнай өңдеу зауыты» АҚ арасындағы ұзақ жылғы ғылыми-техникалық әріптестіктің нәтижесінде жаңа тиімділігі жоғары «Атырау» деэмульгаторы патенттеліп, өндіріске енгізілді. Өзінің техникалық және технологиялық сипаттамалары жөнінен әлемдік баламалардан кем түспейтін бұл өнім мұнайды дайындау кезінде оны сусыздандыру және тұзсыздандыру үшін қолданылады.

Сондай-ақ, 90-шы жылдардың орта шенінде зауыт тағы бір жаңа мұнай өнімі – М-40 маркалы қарамай өндірісін игерді. Бұл орайда В. В. Гафнер, С. А. Мералиев, Г. Ж. Амантурлин, Д. И. Камитов, В. И. Королев, В. А. Вакуров, Ю. К. Шкодин, В. И. Лепский, Қ. Қ. Оразбаев, Л. С. Петросян, В. В. Овчаренколар зор еңбек сіңірді. 1995 жыл зауыт тарихында тағы бір маңызды оқиға орын алды – «ТС-1 реактивті отыны» жаңа өнімінің өндірісі жолға қойылды.

90-шы жылдардың ортасынан бастап зауыт өндірістік кедергілерге тап болды. Әсіресе, 1998 жыл зауыт тарихындағы ең ауыр жылдардың бірі еді. Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі экономикалық дағдарыстың ызғары мұнай өндіруші елдерге айқын сезіле бастады.

Осылайша зауыттың мұнай нарығындағы позициясы әлсірей бастады. Салықтық саясат салдарынан мұнай өнімдері бағасын мәжбүрлі түрде қымбаттату, өнімге деген сұраныстың төмендігі, нарықты ресейлік арзан өнімнің «жаулап алуы» зауытты тығырыққа тіреді. Кәсіпорынның жыл бойғы жүктемесі жалпы қуаттылықтың 65 пайызын ғана қамтыды.

Соған қарамастан, қайта жаңғырту мен жаңартуды өндірісті дамытудың өмірлік маңызы бар шарттары екендігін жете ұғынған зауыт жылу-электр орталығын қайта жаңғыртып, технологиялық қондырғыларға күрделі жөндеу жүргізуді қаржыландыру мәселесін оңтайлы шеше алды. Қанша қиын болғанымен, зауыттықтар ауқымды қайта жаңғыртуды мақсат етті. Шілде айында Атырау МӨЗ «Қазақойл» ұлттық мұнай компаниясына еншілес кәсіпорын атанды, осы-



лайша кәсіпорын тарихында дамудың жаңа кезеңі бастау алды.

## ЗАУЫТТЫҢ ҚАЙТА ӨРЛЕУІ

АМӨЗ тарихындағы соңғы он жыл қарқынды дамумен айрықшаланды. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауының арқасында Атырау МӨЗ республикамыздың өндірістік индустриясындағы болашағы зор нысандардың санатынан көрінді.

Зауыт дамуына ҚР Премьер-Министрі лауазымында болған кезінде Атырау МӨЗ-ді қайта жаңғырту туралы бірінші Үкіметтік қаулыға қол қойып, кейін «Қазақойл» ҰМҚ басшысы ретінде инвестициялық жобаны жүзеге асыруға тікелей қолдау көрсеткен Н.Ө.Балғымбаевтың да қосқан үлесі өлшеусіз. 1998 жылы Нұрлан Балғымбаевтың тікелей қатысуымен ҚР Үкіметі мен жапондық «Марубени» компаниясы арасында ынтымақтастық меморандумына қол қойылды.

1999 жылы қала қалыптастырушы кәсіпорынның ертеңіне бейжай қарай алмаған Атырау облысының сол кездегі әкімі И.Н.Тасмағамбетов те зауытты қайта жаңғырту тұрғысындағы өз көзқарасын білдірді. Кейін Үкімет басшылығына тағайындалған ол Атырау МӨЗ-нда қайта жаңғырту жұмыстарының басталуына бар күшін салып, Атырау өңіріне жұмыс сапары барысында зауытқа да ат басын бұрып, еңбек ұжымына қайта жаңғырту жұмыстарының басталатындығы жөніндегі қуанышты хабарды жеткізді. Кездесу барысында қайта жаңғырту жұмыстарына жетекшілік етуге Үкімет кәсіби мұнай өңдеуші, өзінің хас шебері С.А.Мералиевтің міндеттелгендігі туралы да айтылды.

Өткен жүзжылдықтың 90-ыншы жылдары соңынан бастап Атырау МӨЗ-ның саясаты мен даму стратегиясын «Қазақойл» Ұлттық компаниясы, кейін «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ айқындайтын болды. Ұлттық компания жетекшілері зауытты қайта жаңғырту және жаңарту мәселесін шешуге құлашына кірісті.

Олардың ұтымды стратегиялық шешімдерінің нәтижесінде зауыт тарихында «жапондық» деген атпен қалған қайта жаңғыртудың алғашқы кезеңі іске асырыла бастады. Зауыттың екінші тынысын ашқан бұл жобаны жүзеге асыру 2003 жылдың наурызынан бастау алды. Бас мердігерлер ретінде белгіленген жапондық «Марубени Корпорейшн», JGC компаниялары отыз бес айдың ішінде бензинді сутекпен тазарту және изомерлеу, дизель отынын сутекпен тазарту және парафинсүзгендіру, сутек тазарту және шығару, түйіршіктеу блогы бар күкірт шығару қондырғылары, баяу кокстеу қондырғысындағы аминді тазарту блогы, қолданыстағы және жаңа технологиялық қондырғылардың орталықтандырылған басқаруын қамтамасыз етуге арналған орталық басқару ғимараттарын салып бітірді. 2006 жылдың 12 мамырында жапондық қайта жаңғырту жобасы аясында салынған технологиялық қондырғылардың іске қосылуына арналған ресми салтанатты шара өтіп, оған Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қатысты. Қондырғыны өз қолымен іске қосқан Елбасы былай деген болатын: «...қайта жаңғырту Атырау МӨЗ өнімінің сапалық және саңдық өсімін ғана білдірмейді. Кәсіпорынның жаңа өмірі басталды. Бұл республикамыздың әлемнің бәсекеге қабілетті елу елінің қатарына кіру жөніндегі стратегиялық міндеті тұрғысынан да маңызды. Әлемдік деңгейде өнім шығаратын заманауи зауыт – бұл ел алдындағы маңызды жоспарларды жүзеге асырудағы кезеңдердің бірі. Құны төрт миллиард доллар тұратын мұнай-химия кешенін құру бұл орайдағы келесі қадаммыз болмақ».

Мұндай қуатты кешеннің құрылысы халықаралық қаржы құрылымдарының, беделді банктер мен шетелдік компаниялардың «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясына деген зор сенімінің дәлелі еді. Ал, қайта жаңғырту жобасының сәтті жүзеге асырылуы еліміздің құрылыс индустриясының, кадр әлеуетінің қуаттылығын көрсетті.

Жаңа кешеннің барлық блоктары іске қосылғаннан кейін зауытта АИ-80, АИ-92, АИ-93, АИ-96 этилденбеген бензин маркаларын, жазғы экологиялық таза дизель отыны, қату температурасы -35 0С қысқы экологиялық таза дизель отынын өнеркәсіптік көлемде шығара бастады.

Зауыттықтар қолданыстағы өндіріс жағдайында ірі кешен құрылысын жүргізу тұрғысында баға жетпес тәжірибе жинақтап, оны ароматикалық көмірсутектер шығару кешенінің құрылысында сәтті қолдана білді. Бүгінде олар жинақтаған білім мен тәжірибелерін мұнайды тереңдетіп өңдеу кешенінің құрылысына жұмсауда.

Өз кезегінде қайта жаңғырту жұмыстары атыраулық мұнай өңдеушілер үшін емтихан іспетті: ескі қондырғыда өңделетін мұнай көлемін арттыра отырып, жаңа кешендер салу, қауіпсіздік техникасын қатаң сақтау, жарақатты болдырмау. Құрылыс мерзімінде зауыт аумағында мыңдаған адам еңбек етті. Бірақ, құрылыс алаңдарында жұмысшылардың қаза болуы, коммуникациялық желілердің үзілуі тәрізді жағдайлар орын алған жоқ. Құрылысшылар, технологтар мен өндірістік мамандар ұйымдаса жұмыс жасады. Зауыт сынақтан абыройлы өтіп қана қоймай, инвестиция салуға тиімді, қолайлы кәсіпорын екенін дәлелдеді.

Зауытты қайта жаңғыртудың алғашқы кезеңі Қ. Қ. Оразбаев, О. А. Лызлов, Н. Ж. Есенова, А. Қ. Қайрденев, Р. Жанғабылов, Б. К. Исабаева, Н. А. Щербаквалардың қызмет жолындағы маңызды қадам болды. Жобаның идея күйінен өнім шығаруға дейінгі жолы осы кісілердің жетекшілігімен жүргізілді.

Жаңа өндірісті алғаш боп игергендер қатарында Д. В. Козырев, Р. Д. Бисалиев, В. Г. Гацко, Д. С. Мекеев, М. М. Бекберген, М. С. Огай және басқалары болды.

Құрылыс жұмыстарына М. К. Өтеғалиев, А. А. Джангиров, А. Сегізбаев, А. Калмыков, К. Тұрақ-баев, М. Смағұлов, Н. Н. Дубинин, Т. Сарниязов, Т. Е. Кузнецова, Т. Ушакова, В. Чертихин, А. Н. Котельни-



кова, Р.Салкенов, С. Волкова, Ж. Қаражігітов, Б. Егізбаев, В. М. Дмитриев және басқалары өз үлестерін қосты.

Зауыттың қайта өрлеу дәуірі 2006 жылы тәмам болған жоқ, бұл оның бастауы ғана еді. 2000 жылы Қазақстан Республикасының 2013-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық стратегиясына сәйкес мұнай-газ саласы – өңдеу өнеркәсібі мен жоғары технологиялық өндірістердің шикізаттық емес секторын дамыту мақсатында АМӨЗ-нда ароматикалық көмірсутектерді жүзеге асыру бағытындағы жұмыстар өз бастауын алды.

Жобаның құжат деңгейінен құрылыс алаңдарына жетуі үшін ауқымды жұмыс атқарылды.

2009 жылғы 29 қазанда «Атырау МӨЗ» ЖШС мен Қытайдың «Синопек Инжиниринг» компаниясы арасында «түбегейлі тапсыру» шартымен ароматикалық көмірсутектер шығаратын кешен құрылысы шартына қол қойылды.

Күрделі жобаны іске асыру жолында зауыт ұжымы алуан түрлі қиындықтарға тап болды, алайда мыңдаған адамдардың қажырлы еңбегінің арқасында кешен құрылысы сәтті аяқталды. Бүгінде зауытта 103 бірлікке жоғары октанды компонент өндіріле бастады. Тәжірибелік-өндірістік бензолдың алғашқы партиясы алынды.

Қайта жаңғыртудың шешуші үшінші кезеңі – мұнайды тереңдетіп өңдеу кешенінің құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Аталған жобаны іске асыру арқылы Атырау МӨЗ өндірістің қоршаған ортаға зиянды әсерін мейлінше азайтатын болады.

Атырау МӨЗ-на есептелген мұнай өңдеу көлемі Қазақстанның ашық түсті мұнай өнімдері импортынан бас тартуына мүмкіндік беріп, елдің жоғары сапалы бензин мен дизель отынына деген сұранысын толығымен өтеуге жағдай туғызбақ. Мұнайды тереңдетіп өңдеу кешенінде жылына 2 миллион 400 мың тонна шикізат өңделетін болады. Құрылыс жұмыстары ең соңғы озат технологиялар негізінде жүргізілуде.

Атырау МӨЗ-ның келбеті де түбегейлі өзгерді. Күмән, сенімсіздік, тұрақсыздық дегендердің бәрі артта қалды. Бұл өзгерістердің барлығы да көрнекті өндіріс жетекшілерінің, шебер ұйымдастырушылар мен білікті басшылардың, майталман мамандардың есімдерімен тығыз байланысты. Тұрақтылық, беріктік пен болашаққа сенімнің айшықты үлгісіне айналған Атырау мұнай өңдеу зауытының даму жолында Т. А. Құлыбаев, Ү. С. Қарабалин, Қ. М. Қабалдин, А. Қ. Қиынов, Д. С. Тиесов, Қ. Қ. Оразбаев, Г. Ж. Амантурлин, Н. Ж. Есенова, О. А. Лызлов, Д. В. Козырев, Р. Д. Бисалиевтердің өзіндік қолтаңбалары бар.

Бүгін зауыт алдында жоғары технологиялы озат кәсіпорын құру, тәуелсіз Қазақстанның мұнай өңдеу және мұнай-химиясы көшбасшысының тұғырына берік орнығу мақсаты тұр. Ынтымағы жарасқан ұжымның бұл межені бағындыра аларына сенім кәміл.

**Виктор СУТЯГИН,**  
**Меңдібай СҮМЕСІНОВ**

# 3 ОКТЯБРЯ 2015 ГОДА

## в 12:10 ч.

ПОКАЗ ДОКУМЕНТАЛЬНОГО ФИЛЬМА  
**«70 ЛЕТ АТЫРАУСКОМУ НПЗ»**  
/НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ/

### ПЕРВЫЙ КАНАЛ



### Е В Р А З И Я

## Беззалоговые кредиты для сотрудников ТОО «АНПЗ»

### А Альфа-Банк

**Срок кредитования:**

- от 6 до 36 месяцев;

**Сумма займа:**

от 150 000 до 3 000 000 тенге

**Ставка вознаграждения:**

- 22,5% годовых

- комиссия 6,2%

**Необходимые документы:**

- удостоверение личности

**Срок рассмотрения – 1 день**

**Наш адрес:** г. Атырау, проспект Азат-  
**тык 48, БЦ «Премьер-Атырау»**  
**Телефоны:** 25-10-39 (вн. 4731)  
**Сот. телефон:** +7 771 558 94 50  
**+7 702 334 81 46 Раушан**

**Кредит без залога**

**Требования к заемщику:**

1. Гражданин РК
2. Возраст: от 21 года до 70 лет
3. Минимальная заработная плата 90 000тг
4. Стаж работы на текущем месте не менее 6 месяцев
5. Отсутствие негативной кредитной истории

Расчет ежемесячного взноса, в тенге

Сумма кредита	СРОК КРЕДИТА		
	12 мес.	24 мес.	36 мес.
300 000 тг.	28 151	15 638	11535
500 000 тг.	46918	26063	19225
1 000 000 тг.	-	52125	38450
2 000 000 тг.	-	104251	76899
3 000 000 тг.	-	-	115349

6. Подтвержденный доход за 6 месяцев
7. Наличие регистрации по месту жительства либо место работы в регионе присутствия Банка (но не далее 100 км от населенного пункта присутствия Банка)

**Кредит без залога  
на рефинансирование**

**Требования к заемщику:**

1. Гражданин РК
2. Возраст: от 21 года до наступления пенсионного возраста на момент окончания срока действия займа
3. Стаж работы на текущем месте не менее 6 месяцев
4. Отсутствие негативной кредитной истории

5. Подтвержденный доход за 6 месяцев
6. Наличие регистрации по месту жительства либо место работы в регионе присутствия Банка (но не далее 100 км от населенного пункта присутствия Банка)
7. Минимальная заработная плата 90 000 тенге
8. Договор банковского займа рефинансируемых действующих кредитов.

- **Возможность частичного и досрочного погашения по истечению 1 года без штрафа**
- **Учитывая плотный график работы сотрудников ТОО «АНПЗ, мы готовы выехать к Вам в любое удобное для Вас время.**



### СБЕРБАНК

ДБ АО «Сбербанк» рад сообщить о том, что для Вашего удобства открыто новое отделение СПФ «Жилгородок» по адресу:  
**мкр. Жилгородок, ул. Ауэзова, 23 Д.**

**В новом отделении ДБ АО «Сбербанк» у Вас есть возможность получить весь спектр банковских услуг:**

- Оформить кредит
- открыть депозит

- открыть пластиковую карту
- осуществить переводы без открытия счета в любую точку мира (колибри, westernunion, золотая корона)

**Режим работы нового отделения:**  
**понедельник – пятница: с 9:00-18:00.**  
**Суббота: с 10:00-14:00.**  
**Телефон: 45 21 21, 45 02 02.**

Коллектив «Роминсерв-Казахстан» выражает искреннее соболезнование родным и близким в связи с безвременной смертью **Марата Куспановича Глеубаева**

«Атырау МӨЗ» ЖШС зейнеткерлер қоғамы зауыт ардагері **Мұхамеджан Сейтәлі Қуанышұлының** өмірден өтуіне байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыра көңіл айтады

«Атырау МӨЗ» ЖШС зейнеткерлер қоғамы зауыт ардагері **Байжау Өтеғалиевтың** өмірден өтуіне байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыра көңіл айтады

4-цех ұжымы **Абзал Есқалиевқа апасының** өмірден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

**Еженедельная газета «НОВАТОР»**  
**№38 от 2 октября 2015 года**  
**АДРЕС РЕДАКЦИИ: 060001, г.Атырау,**  
**ТОО «АНПЗ», ул. 3.Кабдолова,1**  
**тел.: 25-97-71, тел.факс: 25-96-75**

**ПРЕСС-СЛУЖБА:**  
**руководитель - Е.Есенова**  
**специалист- Ш.Какимжанова**  
**ИП «MEDYAGROUP»:**  
**руководитель - Д.Мухамбетов**  
**редакторы: С.Калиева, И.Сатылганова**  
**фотограф - Н.Канатов**

**Свидетельство №790**  
**выдано 27 мая 1992 года**  
**Министерством печати и**  
**массовой информации**  
**Республики Казахстан**

**Газета набрана и сверстана**  
**в компьютерном отделе, отпечатана**  
**в типографии ТОО «Атырау-Акпарат»**  
**г.Атырау, ул.Молдағалиева 29А**  
**Тел.: 45-86-60. Тираж 1100**  
**Заказ №1214**

УЧРЕДИТЕЛЬ: ТОО «АТЫРАУСКИЙ НЕФТЕПЕРЕРАБАТЫВАЮЩИЙ ЗАВОД»





# Поздравляем!

Коллектив ТОО «Роминсерв-Казахстан» поздравляет с днем рождения пенсионера **Александра Дмитриевича Инкина!**

Не беда, что годы быстро мчатся,  
Серебристый оставляя след,  
Мы желаем Вам большого счастья,  
Бодрости, здоровья, долгих лет!  
Пусть здоровье, радость, счастье  
Дружат с Вами каждый час,  
Пусть суровые ненастья  
Стороной обходят Вас.  
Пусть морщины Вас не старят,  
Не печалят никогда,  
И судьба Вам пусть подарит  
Жизнь на долгие года.



Поздравляем с 45 –летием **Лаззат Каламовну Кенжегалиеву!**

Поздравляем с днем рождения  
И хотим Вам пожелать  
Счастья женского, терпения,  
Не грустить, не унывать.  
Вдохновения, задора,  
Легких будней трудовых,  
Пусть карьера идет в гору,  
Премий и зарплат больших!

Коллектив ППНГО.

Поздравляем с 35- летием **Азата Манарбековича Бекбергена!**

Желаем радости и успеха,  
В работе, творчестве, во всём..  
Чтоб были поводы для смеха,  
Росла чтоб прибыль с каждым днем.  
Чтоб поддержкой и опорой  
Всегда была твоя семья,  
И в жизни только окружают  
Тебя надежные друзья!!!  
Коллектив ППНГО



Коллектив ТОО «Таян» поздравляет **Олега Валентиновича Таршилова, Ишангали Каденовича Сейткалиева, Сагингали Кенжетаевича Тусипкалиева** с днем рождения!

Желаем Вам счастья и любви,  
Чтоб все мечты и чаянья сбывались,  
С хорошим настроением, чтоб Вы нигде  
И никогда не расставались.  
Здоровья Вам на сотню добрых лет,  
А это право, дорогого стоит!  
Рабочих производственных побед,  
В семейной жизни – мира и покоя!

Коллектив ТОО «Монтажное управление №7» поздравляет с днем рождения

**Серика Елдосовича Туралиева, Николая Николаевича Франко, Асылбека Кибатуллаевича Саркенова, Сергея Викторовича Дыгина!**

Желаем:  
Пусть каждый день как День Рождения,  
Пусть только счастье и успех!  
Пусть жизнь - как килограмм варенья,  
Чтоб все отлично, лучше всех!!!

№8 цех ұжымы мен цех комитеті атынан **Тынышбек Боранбаевты, Серік Аманжоловты, Қосман Қасымовты, Нұрлан Жаңбыровты** туылған күндерімен шын жүректен құттықтаймыз.

Тіршіліктің мәні,  
Өмірдің сәні,  
Көңілдің ажары,  
Бақыттың базары болсын!

Коллектив ППНГО поздравляет

**Кази Кисьяровича Таскудова! Нуртаса Булатовича Амангалиева! Александра Олеговича Коткова! Куралбека Саиновича Кармысова! Исатая Канатовича Мендигалиева!**

Желаем вам много-много добра,  
Сундук золотишка, мешок серебра,  
Счет в банке швейцарском, да можно в любом.  
И полною чашей пусть будет ваш дом!  
Здоровья по крепче, терпения тоже,  
Пусть будет всегда настроенье хорошим.  
Удачи, любви и конечно, везения  
Всего желаем в ваш день рождения!

Коллектив ТОО «Роминсерв-Казахстан» поздравляет с днем рождения

**Марата Каликбергеновича Сапаралиева, Сарсенгали Дюсенгалиевича Сагизбаева, Самата Айткалиевича Хасанова, Романа Ибраимгалиевича Джалимбетова!**

В этот светлый день желаем:  
Счастья, радости, успеха!  
Ведь года нам не помеха!  
Пусть здоровье процветает,  
Сил на все у Вас хватает!  
Рядом пусть по жизни будут  
Только те, кто дорог Вам!

Коллектив цеха № 4 сердечно поздравляет с Днем рождения: **Айгулю Убиштаевну Ермуханову, Александра Федоровича Бочкова, Акима Бейтуллаевича Ибадлаева !!!**

Желаем здоровья, долгих лет жизни, счастья и хорошего настроения!  
Исполнения всех желаний, благополучия и успехов во всем!

Коллектив ТЭЦ поздравляет с днём рождения: **Эльмиру Бурамбаевну Кзылбасову, Саттара Бисембекова, Серика Суяновича Домбаева, Александра Валентиновича Хвана, Руслана Салмановича Юнусова, Вильяма Равильевича Абузьярова, Аманбека Бекеновича Тлеулиева и пенсионерку Валентину Георгиевну Носореву!**

Мы вас сегодня поздравляем  
С красивым, светлым, добрым днём,  
Здоровья, счастья и любви желаем,  
И здесь ваш возраст не причём.  
В ваш день рождения желаем  
Высоких праздничных побед,  
Чтоб эта жизнь казалась раем,  
Чтоб каждый радовал рассвет.  
Чтоб солнце ласковым лучом  
Вам согрело в жизни путь,  
Чтоб дружеское помогло плечо  
С дороги верной не свернуть!

Коллектив ТЭЦ поздравляет с 30-летием

**Любовь Александровну Дворянчик!**

Пусть на пути и прекрасном, и длинном  
День юбилея станет трамплином.  
К новым высотам, победам, свершениям,  
К славным успехам и достижениям!

Планы пусть полностью в жизнь воплотятся,  
Все пожелания осуществляются,  
С блеском решатся любые задачи!  
Счастья, везения, здоровья, удачи!

